

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК қызметінің есебі

Жалпы ережелер

1) *Көрсетілетін қызметті беруші туралы мәліметтер:* Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Степногорск қаласының жоғары колледжі"МКҚК. Заңды мекенжайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Боровской шағын, 76.

2) *Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:*

"Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі» МКҚК мемлекеттік қызмет көрсетеді.

☒ *«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау»*

☒ *«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру»*

☒ *«Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру»*

☒ *«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру»*

☒ *«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғанишылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну»*

☒ *«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау»*

☒ *«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға академиялық демалыс беру»*

☒ *Білім туралы құжаттар туралы ақпаратты жаңарту (түзету)*

☒ *Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау*

2024 жылы жалпы 1497 мемлекеттік қызмет көрсетілді:



Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Аса сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау";

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру";

"Азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қамқорлықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы адамдарға, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақ беру";



2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және азаматтардың мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттырудың маңызды аспектісі болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер мынадай негізгі қағидаттар негізінде көрсетіледі:

- көрсетілетін қызметті алушыларға шығу тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасы, сенімі, тұрғылықты жері немесе кез келген өзге мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітусіз тең қолжетімді;

- мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бюрократия мен әуре сарсаң көріністеріне жол бермеу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есептілік және ашықтық;

- мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

- Мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіру;

- мемлекеттік қызметтерді көрсетудегі үнемділік және тиімділік. Көрсетілетін қызметті алушыларға қажетті барлық ақпарат колледждің ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидалары мен ережелері орналастырылған. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда тұрақты түрде жарияланады. Сондай-ақ ақпараттық тақталарда мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді актілердің жобаларын қоғамдық талқылау туралы ақпарат.

Қазіргі уақытта заңға тәуелді құқықтық актілердің, ашық нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылау интернет-порталда жүзеге асырылады.

3) Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және басқалар).

2024 жылы БАҚ пен әлеуметтік желілерде 11 мақала жарияланып, 1 тікелей эфир өткізілді. Ай сайын бұқаралық ақпарат құралдары және қызмет көрсетушілердің интернет-ресурстары арқылы халықты мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар

1) Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

ТЖКБҰ-дағы "College Smart Nation" ақпараттық жүйесі колледждерде оқу процесін цифрлық форматта автоматтандыруға мүмкіндік берді: талапкерлерден құжаттарды қабылдау, оқуға қабылдау, оқудан шығару туралы бұйрықтар; оқу жоспарлары, журналдар.

Колледжде техникалық жарақтандыру нормативтік актілердің талаптарына сәйкес келетін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

Мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмыс орындарының техникалық жабдықталуы белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

2024 жылғы қараша, желтоқсан айларында 2 (екі) қызметкер мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.

2024 жылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы шағымдар түскен жоқ.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау барысында сәйкессіздіктер анықталған жоқ. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу немесе негізсіз бас тартулар болған жоқ.

5. Көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына одан әрі тиімділігі мен қанағаттанушылығын арттыру перспективалары.

Сондай-ақ, колледжде мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібін анықтайтын қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілері бар стенд орналасқан. Үлестірме материал-буклеттер бар.

Анықтамалық-ақпараттық, құқықтық көмек көрсету мақсатында колледжде «Сенім телефоны» жұмыс істейді **8(7162)-32-92-42**.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар колледжде мемлекеттік қызмет көрсету саласында біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Көрсетілетін қызметті алушылар, жауапты тұлғалар жүгінген кезде мемлекеттік қызметтер көрсету процесі туралы түсіндіру жұмыстары құзыретті түрде жүргізіледі, сондай-ақ кеңестерде, ата-аналар жиналыстарында, «Мемлекеттік қызмет» көрсету бағыты бойынша сұрақтар келіп түскен кезде толық жауаптар беріледі, есепті кезеңдегі көрсеткіштер айтылады, ұсыныстар мен туындайтын мәселелер талқыланады.

2025 жылы жеке және заңды тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасады.